

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**G·GLOBAL**

**Х Астана экономикалық форумы аясындағы  
«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

15июня 2017г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE  
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED  
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

**PART II**

15 June 2017

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)  
ББК 65.01  
Ә53

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53** **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.  
**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых.** – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.  
**Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities»** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9  
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9  
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

с.; Сенчагов В.К. Экономическая безопасность: геополитика, глобализация, самосохранения и развитие. - М., 2002. - 320с.

4. Экономическая безопасность. Производство, финансы, банки / Под ред. В.К. Сенчагова. М., 1998. С.20.

5. Экономическая безопасность. Производство, финансы, банки / Под ред. В.К. Сенчагова. М., 1998. С.29.

## **ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ**

*Ауелбекова А.К., Молдаиов Н.О.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан

E-mail: aigul.aelbekova@yandex.ru

Шағын бизнес әлем бойынша маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сонымен қатар кейбір бөлек бөлшектер мен тетіктерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын бизнес барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Қазақстан Республикасында шағын бизнесті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген. Бағдарламада шағын бизнесті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, экономикада оның үлесін ұлғайту, жаңа жұмыс орнының санын арттыру, айқын бәсекелестік ортаны құру, қоғамның орташа тобы ретінде меншік иелерінің бұқаралық тобын қалыптастыру көзделген.

Шағын бизнес бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейінде монополиялық экономикасы жағдайында бірінші кезекте тұратын маңызды ерекшеліктерінің бірі. Шағын бизнес халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80% келеді [1].

Шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортиментті тауарлар және қызметтермен толықтыру. Шағын бизнестің дамуын ынталандыру мақсатымен Қазақстан азаматтарына жайлы құқықтық және экономикалық жағдай туғызу үшін бірнеше заңдылық және ұйымдастыру – экономикалық шаралар жасалды. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлыққа қол қойды. Президент бұл бағдарламаны бекіте отырып, бір мерзімде оны іске асыру шараларының жоспарын жасап, бекіту жөнінде үкіметке тапсырма берді. Елімізде шағын бизнесті қалыптастырып, дамыту жүйесі әлі де жүріп жатыр. Шағын бизнес әлі іске жаратылмаған қаржы-қаражаттарын тиімді жұмылдыратын басты құралдардың бірі. Осындай кәсіпкерліктің болмауынан осы ресурстар пайдаланылған болатын еді.

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік орта мен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауына бағытталатын болады. Аймақтарда шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту тек халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді. Жастар арасында жұмыссыздық салдарынан кездесіп жүрген нашақорлық, ішімдіктерге бой алдыру сияқты қоғамға жат қылықтарды болдырмауға шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытудың және қолдаудың әсері мол деп санаймыз.

Жастар қоғам дамуының негізгі және маңызды бөлігі болып табылады. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің басты оң игіліктеріміз – халқымыздың санасы. Біз ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары білім өресі биік халқымыз бар, соның ішінде болашағы мол – жастар. Осы қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз», - деп аталғандай аймақта жастардың жұмыссыз қалуына қарсы күресті жемісті жүргізуіміз керек.

Жалпы жастар елдің қоғамдық қатынастарында, материалдық өндірісте және рухани құндылықта ерекше орын алады. Жастардың қоғамда алатын ролі мен орны мемлекеттің іс-әрекеттеріне байланысты.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жүйеде алатын орнын талдау кезінде, кем дегенде екі маңызды шартты ескеру қажет. Біріншіден, жастар еңбекке қабілетті халықтың 25 % құрайды. Екіншіден, бұл өте маңызды, олар – елдің болашағы. Олардың атқаратын қызметі елдің әрі қарай дамуымен байланысты.

Қазіргі таңда жастар қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын анықтайды. Сонымен қатар, бұл еңбек нарығындағы ең осал топтардың бірі. Аталған мәселелердің күрделілігіне қарамастан, оларға ғылыми зерттеулерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, үкіметтік құжаттарда аз көңіл бөлінеді.

Жаңа жұмыс орындарын шағын кәсіпкерлік пен бизнес арқылы қалыптастыру – халықты кәсіпкерлік қызмет саласына да белсенді түрде тартуға мүмкіндік береді. Мұның өзі аймақтардағы өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етіп, ондағы тұрғындардың жұмыссыздық салдарынан ірі қалаларға көшуін тоқтатады. Осыған орай жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау және дамыту үшін нақты іс – шараларды дайындаумен қатар, алдағы жылдардағы оның даму стратегиясын үкімет стратегиясы негізінде әзірлеуі тиіс. Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуда мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау – кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін төмендетумен қатар, оның нарық талаптарына сәйкес жоғары нәтижемен жұмыс істеуіне көмектеседі.

2016 жылғы 1 желтоқсанғы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын орта кәсіпкерлік субъектілер саны өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес мерзіммен салыстырғанда 5,5% төмендеді. Шағын орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 68,5%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 16%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 15,3%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2%-ды құрады [2].

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Даму» Қорымен 2012-2014 жылдары Кәсіпкерлердің құзыреті орталықтары құрылды. Нәтижесінде облыс орталықтарында және Астана, Алматы, Семей, Түркістан қалаларында 18 кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары, моноқалаларда 27 кәсіпкерлікті қолдау орталықтары, аудан орталықтары мен шағын қалаларда 161 кәсіпкерлікті қолдау орталықтары және 14 кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары құрылды. 2015 жылдан бастап, «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасына сәйкес қаржылай емес қолдау операторы, оның ішінде моноқалаларда, аудан орталықтарында және шағын қалаларда кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының операторы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы болып табылады.

Қордың қаражаты шағын кәсіпкерліктің қалыптасу үрдісінде оң роль атқарады, бірақ соңғы қарыз алушы үшін пайыздық ставкаларды нақты төмендетуді қамтамасыз етпеді және ұзақ мерзімді өндірістік жобаларды іске асыруға көмектеспеді.

Қор қызметі басталғаннан бері қазіргі уақытта тек қана өз қаражаты есебінен 6,3 млрд. теңге сомаға 577 жоба қосымша қаржыландырылды. Аталған қаражат бойынша ағымдағы берешек 5,9 млрд.теңгені құрайды. Берілген қаражаттың салалық құрылымы мынадай: қаржыландырудың негізгі көлемі өнеркәсіптік өндіріске – 39%, ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге – 29,5%, қызметтер мен көлік саласында —

23% келеді. Қордың шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдауы Республиканың барлық өңірлерінде 250 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 44 бизнес-инкубаторлар мен инновациялық орталықтар қызмет етеді. Олардың мүлдем барлығы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша қалыптасу кезеңінде.

Бизнес-инкубаторлар — өз алаңдарына арнайы жеңілдік жағдайда жекелеген шағын кәсіпорындарды орналастыратын және оларға консалтингтік, оқыту, бухгалтерлік және офистік қызметтер, оқыту бойынша қызмет көрсететін құрылым. Бизнес-инкубаторлардың негізгі мақсаты оның аумағында орналасқан шағын кәсіпорындардың орнықты қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады.

Негізінен жоғары оқу орындарының базасында немесе ғылыми-зерттеу институттарының базасында осы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін пайдалану және технопарк аумағында орналасқан инновациялық кәсіпорындарды құру және дамыту арқылы әзірленген технологияларды коммерциализациялау мақсатында құрылған технопарктер бар. Көптеген бизнес-инкубаторлар инфрақұрылымның аталған нысанын құру тұжырымдамасының халықаралық практикасына сәйкес емес, офистік және өндірістік үй-жай ұсынумен заңды тұлғаны ұйымдастырумен шектеледі және өзінің нақты міндетін әлсіз орындайды не мүлде орындамайды:

- бизнес-инкубаторлардың менеджерлері мен ұйымдастырушыларының теориялық және практикалық даярлығының әлсіздігіне;

- биліктің жергілікті органдары тарапынан бизнес-инкубаторларды түсіну мен қажетті қолдаудың болмауына;

- қаржы қаражаты мен ақпараттың болмауына әкеліп соғады.

Технопарктер қаржылық дербестікке жеткен жоқ және мемлекет пен басқа ұйымдар тарапынан қолдауды қажет етеді. Ақпараттық-талдамалық, маркетингтік, консалтингтік, оқыту орталықтары, шағын және орта кәсіпкерлік құрылудың бірінші кезеңінде бірқатар проблемалармен түйіседі, олар: шағын және орта кәсіпкерлікті тіркеу куәлігін қалай алу, қандай салық режимін таңдау, қаржыландыру мәселесі бойынша қайда бару керек. Сондықтан осы кезеңде негізгі рөл консалтингтік компанияларға берілетін болады.

Консалтингтік компаниялар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мынадай бағыттар бойынша қызметтер көрсетеді:

- құқықтық қамтамасыз ету;

- аудит және бухгалтерия;

- маркетингтік зерттеулер;

- бизнес-жоспарлау;

- салық заңнамасы;

- кедендік рәсімдер және т.б.

Консалтингтік компаниялардың қызметтері қымбат және әрбір шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің оларды пайдалануға мүмкіндігі жоқ. Консалтингтік қызметтер нарығы тіпті ірі қалаларда толық емес, ал орталықтан алыс өңірлерде мүлдем дерлік жоқ.

Бүгінгі күнде қазақстандық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ресурстық, әдістік және ақпараттық қолдау көрсететін Қазақстан Республикасының аумағында 150 астам аккредиттелген шетелдік халықаралық ұйымдар әрекет етуде. Қазақстанда халықаралық ұйымдар мен шетелдік қорлардың өкілдіктері іске асыратын жобалар мен бағдарламалардың көп түрлігінен хабардар және талдайтын және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен қолдаудың шетелдік институттары арасындағы тиімді кері байланысты қолдайтын бірыңғай орган жоқ. Көптеген шетелдік ұйымдар үшін олардың жұмыстарының басты нәтижесі тапсырыс берушіге бөлінген қаражатты “игеру” нәтижелері туралы сындарлы есеп болып табылатыны практикаға айналды (бұл ретте тапсырыс берушіден басқа ешкімге жұмыстардың нәтижелері ұсынылмайды, орындалатын жұмыстар

туралы тек органдар, яғни қандайда бір жоба оған қатысты іске асырылса ғана ақпарат алады). Қазақстанда түрлі шетелдік және халықаралық институттар бастамашы болған қайталанатын жобаларды халықаралық ұйымдар жиі іске асырады [3].

Кәсіпкерлік қызметіне еркіндік құқығының кепілділігін іске асыру мемлекеттен ғана емес, кәсіпкерлердің өздеріне және олардың қоғамдық бірлестіктеріне де байланысты. Әрбір іскер қазақстандық ортаға кірігіп, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға ұмтылуда.

#### **Әдебиет:**

1. Өтешова А. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары мен даму көрсеткіштері // Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты. Экономика және энергетика. 10.04.2014.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі, 2016 ж.
3. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларының тиімділігі. KazOrta.org

### **МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ ФИНАНСОВО-ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ**

*Паюсов А.А.*

Уральский государственный экономический университет, г. Екатеринбург, Российская Федерация  
E-mail: pan\_d@olympus.ru

Экономические исследования последних лет показывают, что в период развития многие организации испытывают дефицит собственных средств, направляемых на развития бизнеса. В этой связи все больший теоретический и практический интерес представляет рассмотрение и обоснование определенных условий, при которых организация сможет стать привлекательной для инвестиций потенциальных инвесторов.

Основными условиями привлечения инвестиций в развитие производства являются две составляющие: приемлемый для инвестора риск и оптимальная доходность вложений, перекрывающая возможные потери от риска.

Инвестор, прежде всего иностранный, должен быть уверен в том, что он сможет вернуть не только вложенные деньги, но и получить достаточный доход. Пока большинство российских предприятий как объекты инвестирования такой уверенности не дают.

В экономических публикациях понятие «инвестиционная привлекательность» относительно новое. Чаще всего оно используется для оценки целесообразности осуществления инвестиций в тот или иной проект, выбора альтернативных вариантов осуществления инвестиций и определения эффективности размещения ресурсов.

Под инвестиционной привлекательностью автор понимает общее состояние хозяйствующего субъекта, характеризующееся качественными и количественными показателями, побуждающее потенциального инвестора отказаться от вложения капитала в бизнес (инвестиционный проект) хозяйствующего субъекта в пользу альтернативного бизнеса (инвестиционного проекта). Это означает, что выбранный инвестиционный проект имеет более выгодное сочетание риска и доходности.

Важную роль для определения уровня инвестиционного риска при принятии решения об инвестициях играет понимание инвестором не только сущностных характеристик инвестиционного проекта как объекта инвестирования, но и четкое представление о том, насколько инвестиционно привлекателен сам хозяйствующий субъект, то есть насколько эффективен его бизнес сегодня и какая эффективность ожидается в будущем, при каких